

"2020-2022 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №360 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 389 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 7288 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 360 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7123 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 50716 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2710 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 48006 мың теңге;

2) шығындар – 50716 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

3 - тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет саласы 1469 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының
кезектен тыс ІІІ сессиясының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ

Қазалы аудандық
мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020
жылғы 6 наурызы №389 шешіміне
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019
жылғы 26 желтоқсандағы №360
шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	50716
1			Салықтық түсімдер	2710
	04		Меншікке салынатын салықтар	2710
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18
		3	Жер салығы	530
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2162
4			Трансферттердің түсімдері	48006
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	48006
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	48006
Функционалдық топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
			Бағдарлама	

			Атауы	
			2. Шығындар	50716
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28577
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	28577
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28577
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5552
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	5552
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2961
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2091
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	16587
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16587
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	16587
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0

		4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК